

Қайруллова Д.Ж., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университетінің 4-курс студенті, филология факультеті, ҚЖ-41
(Ғылыми жетекші — филол.ғ.к., қауымд.проф.Рамазанова Ж.С.)

ОҚУ ТЕЛЕВИЗИЯСЫ – УНИВЕРСИТЕТ ИМИДЖІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ

Аннотация

Мақалада студенттік телелaborаториялардың қалыптасуы мен дамуындағы негізгі проблемаларды ашып, олардың идеологиялық жұмысының бағытын анықтап, университет телеарнасының редакциясы ұйымдастырған хабарлардың пәрменділігін, насихаттық ықпалын, қоғамдық пікірді қалыптастырудағы рөлін көрсеткен.

Бүгінгі күні білім беру үрдісі жаңа қадам басқаны сөзсіз. Білім алушы альма-матерінен полимәдени қоғамда орнын тауып, өмір сүруге икемді тұлға ретінде қалыптасқысы келеді.

Қос көз теледидарға тігілген күннен бастап онсыз өмірді елестету қиын. Бұқарада «интернет теледидарды тақтан тайдырды» деген ой кеңінен тарағанымен, оны бүгінде ықпалынан айырылған деп бағалау мүмкін емес. Егер де «телевизия көк экраннан интернетке көшті» деген позициядан қарасак, онда студенттік телеарнаға жаңа мүмкіндіктер ашылатынын көре аламыз.

Серікқазы Кәкібаланов «Интернеттегі PR» мақаласында көрсеткендей, интернеттің ұтымды тұсы– оның жас аудиториясында. Жас болғанына сай аудиториямен интерактивті жұмыстар өткізу біршама жеңілдеу болып табылады. Сонымен қатар, бейресми алаң болған интернетте аудитория өзін еркін сезінеді, осы орайда фидбектің жеңіл де жылдам алынуы арқасында ұйым ретінде көптеген проблемаларын тез де оңай шешу мүмкіндіктеріне ие боламыз [1, 19 б.].

Аудитория аталған біздің, жастардың дүниетанымы, қоғамдағы күрделі құбылысқа деген көзқарасы, арман-мақсаты бүгін бастамасын табуы тиіс. Жастардың рухани сана-сезімінің эволюциясының ашықтығы ондағы барлық өзгерістерге куәгер ете ғана қоймай, жастарды бір арнада тоғыстыру арқылы ертеңгі индивидуумның қоғаммен бір толқында болуына жол ашамыз. Қысқасын айтқанда, бұлай етуіміздің әлеуметтік я қоғами маңызы зор.

Осы үдерістің катализаторы болып табылатын университет жанында ашылған оқу теледидары– теңдесіз қоғаммен байланыс құралы. Жастарға бұқара алдында өз өнерін көрсетуге теледидарды беру пиар дамыған Еуропа мен Америка елдерінде бұл – қанатын кең жайған практика.

Мысалға алатын болсақ, 1964 жылы Альбиондық Глазгода жарық көрген GUST телеарнасының басты контенті кең ауқымды. 20 студент- рекдактор университет жаңалықтарымен қоса көрермен назарына спорт, ғылым, мәдениет саласынан хабардар етіп, оқу орнындағы лайфстайлмен бөлісіп, клубтармен жұмыс жасайды [2]. Глазго Университетінің студенттер телеарнасының бұл бастамасы тек оқушыларға ғана емес, оқытушылар үшін де таптырмас құрал. Замандас болмаса да аға буын мен жас өрендер арасында ортақ қызығушылық туа ұйым ішіндегі ұрпақтар сабақтастығы нығая түсері анық. Ұйымшылық байланыстың жақсы жұмыс істеуі арқасында компанияның сырт аланда беделі артып, компанияның әр мүшесі оның дамуына өз үлесін қосуын бастайды.

GUST-ты атап кеткеннен соң араға 3 жыл сала пайда болған York Student Television'ді елемей кетуге болмас. Заманауи техникамен жабдықталған бұл жобаның ерекшелігі– мындағы жұмыс журналистика мен киноматографияға бағытталған [3].

Контент-мейкерлер ұсынған материалға көз тіксек, эфир барысында саясаткерлермен, спортшылар мен музыканттармен бірлесе жасалған дүниеге тап болсаңыз, еш таң қалмаңыз. Сонау байыпты контенттің кураторлары– студенттер.

Дегенмен де бұндай телеарналардың толыққанды автономды деп атауға болмас. Жоғарыда аталған қос телеарнаны темірқазық етіп пайда болған арналарды бір арнаға тоғыстыру үшін 1970 жылы Ұлыбританияның студенттік телеарналарының Ұлттық ассоциациясы (NaSTA) құрылды.

Глазго мен Саутгемптонді бір шаңырақ астына жинаған бұл ассоциацияның басты міндеті – студенттік телеарналардың өзара тәжірибе алмасуы, жас қызметкерлерді ынталандыру мен жылына 2-3 конференция өткізіп, үздіктерді марапаттау болып табылады.

Аталмыш ассоциацияға ұқсас американдық ұйымның барын да атап өтуіміз керек. OSTN, яғни студенттік ашық телевизиялық желісі 2004 жылы жарық көрген ұйым бүгінде Огайо штатының Кливленд қаласында өз кеңесіне ие.

OSTN'ның ұтымды тұсы – оның демеушілерінде. Желіні megatrax, All American High School Film Festival, National Academy of Television Arts and Sciences, CNN мен Sony сынды басқа да мемлекеттік және жеке-дара брендтер қолдап, қолпаштауда. [4].

Аталған ұйымдар, демеушілер өз көмектерін көрсеткенімен де бұл арналардың басқару күші студенттер болып қалуыда. Ресми тұлғалар бұл арнаға өзіндік өзгеріс енгізуден көрі ақыл-кеңес беріп, бағыт-бағдар көрсетуді абзал санайды.

Халықаралық дәрежедегі тәжірибе ТМД-да орын алған. “UNIVER” студенттік телеарнасы 2011 жылы Татарстан Республикасының ректорлар Кеңесінің бастамасымен Қазан Федералдық Университеті аясында өз жұмысын бастады. Шетелдік әріптестері секілді осында да оқу орны жаңалықтарымен қоса жергілікті мамандармен бірлесе бағдарлама жүргізе отыра студенттерді жаңа өмірге дайындап қана қоймай, сырт көз алдында өз имиджін дұрыс қалыптастыруға көмектесуде.

Оқу телевидиниесін біз қоғаммен байланыс құралы ретінде қарағандықтан, өзі қараған оқу орны философиясын кеңінен таратуы жөн. Осы кезде университетке қатысты азаматтардың оқу орны алдындағы әлеуметтік жауапкершілік сезімін ояту

Қазіргі жоғары оқу орындарында PR өте маңызды әлеуметтік-идеологиялық құрал болып табылады:

Ол ЖОО туралы толық, көпжақты және сенімді ақпаратты құру және тарату үшін қажет. Олардың ішінде:

- ағартушылық жұмыс;
- ақпараттық ағындармен жұмыс;
- ЖОО-ның алға басуы;
- ЖОО-ның жағымды бейнесін құру, қоғамдық пікірді қалыптастыру;
- ЖОО-ның өңірдегі, қоғамдағы ықпалын арттыру;
- нақты ақпараттық желілерді құру;
- БАҚ-қа қатысты ақпараттық саясат тұжырымдамасын әзірлеу және іске асыру;
- талапкерлер мен қоғам тарапынан ЖОО-ға қызығушылықты қалыптастыру;
- студенттердің қызығушылығын, профессор-оқытушылар құрамы тарапынан көңіл бөлуді қолдау;
- «университет корпорациясының рухын» қолдау.

Осы мақсаттарға қол жеткізу үшін көмекке телевизия кешені келеді.

Студенттер – жоғары оқу орнының қоғам қабылдауын қалыптастырудағы күшті факторлар болып есептеледі. Жоғары оқу орнының пиар, яғни, қоғамға таныту жолдары. студенттердің толық ынта-ықыласыменен қалыптастырылуы керек. «Университеттік телеарналардың артықшылығы – ол жастарды өзіне тартып тұрады. Тіпті бағдарламаларды дайындаушы студенттердің кәсібилігі аз, видеолардың сапасы төмен болса да, студенттер оны көреді. Өйткені бұл олардың оқу орны, теледидарда сөйлеп тұрған диктор, журналист өздері тәрізді студент», - деген зерттеушінің пікіріне қосыламыз [5, 173 б.].

Әкімшілік пен студенттер арасындағы еркін қарым-қатынас болғаны дұрыс. Ал оқытушы әрдайым қажетті кеңес беруге дайын болса, онда жұмыстары алға басады.

Академик Е. А. Бөкетов атындағы ҚарУ-дағы Филология факультеті жанындағы журналистика кафедрасында болашақ журналистер мен пиар-мамандарын даярлануда.

Университет алға қойған мақсатына сай аймақтық деңгейде көшбасшылықты сақтай отырып заманауи сапа стандарттарына сай білім берілуде. Оқу орнымыздағы оқу телеарнамыз осыған мысал бола алады.

Студенттік телестудиялар кәсіби БАҚ-ғы студиялардан техникалық жабдықтау жағынан кем түспеуі керек. Бүгінгі күні ҚарУ телевизиясы барлық талапқа сай жабдықталған деп есептейміз.

Оқу телевизиясы 2002 жылдан бастап филология факультеті журналистика кафедрасы құрамында жұмыс істеп тұр. Оның қаржыландырылуы толығымен ҚарМУ басшылығы бекіткен талаптың негізінде жүзеге асырылады.

Онда өткізілетін тәжірибелік және өзіндік жұмыстары білім беру бағдарламасы аясында жүзеге асады.

Студенттің күзиреттілігі жинаған білімін тәжірибемен ұштастыра білгенде ғана байқалады,

сондықтан олар сабақтан тыс уақытта да оқу телеарнасының заманауи техникалық мүмкіндіктерін пайдалану арқылы жаңа-медиадың қыр-сырын меңгереді.

Бұл жерде шығармашылық бағдарламаларға қойылатын негізгі талап – ұжымдық этиканы сақтау, университеттік телеарнаның негізгі тақырыптық ауқымынан шықпау, өз өнімін ұсыну, журналистика мамандығы студенттерінің шығармашылығын шыңдау, басқа мамандықта білім алып жатқан студенттердің қабілет-мүмкіншіліктерін ашу және оларды осы жобаға тарту.

Сонымен қатар университет баспасөз қызметінің өтініштеріне сәйкес ksu.kz-да және YouTube-да жариялау үшін университеттік түрлі іс-шарадан бейнеклиптерді іріктеп, өңдеп орналастыру жұмыстары жүргізіледі. ҚарУ факультеттеріне конкурстар мен конференциялар үшін бейнероликтер дайындауға әдістемелік және техникалық көмектер көрсетіп тұрады.

Бөкетов Оқу телевизиясының өнімдері: «Buketov TV» және «Келбет» бағдарламаларының шығарылымы

«Buketov TV» бағдарламасы қазақ және орыс тілдерінде ай сайын 1 рет жиілікте шығып тұрады. Жоба университеттің бас және оқу ғимараттарының - LED-экранынан, ҚарУ веб-сайтының YouTube арнасында көрсетіледі.

«Buketov TV» - бағдарламасының негізгі бағыты университет студенттерінің тұрмыс-тіршілігін суреттеу, Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауының, Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының университетте жүзеге асуы, студенттердің заңсыз әрекеттері, діни экстремизмнің алдын алу шаралары бойынша ақпарат беру, студенттер арасында салауатты өмір салтын насихаттау және дене тәрбиесі мен спорт т.б. дамыту болып табылады. Бағдарлама өндірісіне журналистика мамандығының барлық курс студенттері қатысады.

«Buketov TV» бағдарламасы - негізінен, ақпараттық сипатқа ие. Келешекте оның қатарына шығармашылық, танымдық, сараптамалық бағытындағы бағдарламаларды жүзеге асыру ойда бар.

Бұл жерде шығармашылық бағдарламаларға қойылатын негізгі талап – ұжымдық этиканы сақтау, университеттік телеарнаның негізгі тақырыптық ауқымынан шықпау, өз өнімін ұсыну, журналистика мамандығы студенттерінің шығармашылығын шыңдау, басқа мамандықта білім алып жатқан студенттердің қабілет-мүмкіншіліктерін ашу және оларды осы жобаға тарту.

Күн сайын түрлі ауқымды тақырыпты көтеру арқылы біз болашақ жас мамандардың шығармашылық әлеуетін барынша ашуға мүмкіндік береміз.

«Келбет» бағдарламасы - портреттік сұхбат форматында, айына 1 рет қазақ тілінде шығарылады. Негізгі мақсаты- Бөкетов университетінде қаншама жыл еңбегі сіңген ардагер ұстаздардың үлгілі ісі, рух-байлығы, олардың мінез-құлқы, әлеуметтік белсенділігі, басқа да қасиеттерін ашуды көздейді. Мұндай үлкен хабарды жүргізуші студенттер, портреттік сұхбаттың қалай жасалынатынын үйреніп, мол тәжірибе жинақтайды. Портреттік сұхбат – журналистің рөлі берілетін сұрақтармен тежеліп қалмайды. Ол да әңгіменің тақырыбы немесе сұрақтары жөнінде өзінің алған әсері туралы хабарлайды. Белгілі бір дәрежеде өзінің әңгімелескен адамының бейнесін жасайды. Сұхбат беруші әңгіме барысында өз портретін өзі береді. Ал хабарды көрерменге қалай беру журналистің еншісінде. Бұл орайда, болашақ журналист осындай ауқымды жобамен жұмыс жасауды үйреніп қана қоймай, өзін режиссер, сценарист мамандықтарының да қыр-сырын меңгереді.

Күн сайын түрлі ауқымды тақырыпты көтеру арқылы біз болашақ жас мамандардың шығармашылық әлеуетін барынша ашуға мүмкіндік береміз.

Бүгінгідей ақпараттық соғыс өріс алған заманда университеттік телеарналарға жүктелетін міндеттің жүгі ауыр болмақ. Олар бірнеше функцияны қатар атқарады. Ең әуелі болашақ мамандардың кәсіби құзіреттіліктерін өсіреді, жастар саясатына араласып, студенттерді жамандықтан тыйып, жақсылыққа шақырады. Ақпарат соғысы өріс алған тұста сауатты, дұрыс мәлімет жеткізеді. Екіншіден, оқу телевизиясы танымалдылық үшін жасалынатын әрекеттердің бәрін орынды әрі тиімді қолдана білу керек. Мұнда негізгі мақсат – барынша сол ЖОО танымал ету.

Қорыта айтқанда, қиындықтар мен проблемаларға қарамастан, Е.А.Бөкетов атындағы ҚарУ басшылығы білім беру мекемесінің бәсекелес ортада өмір сүруі үшін, студенттер санын көбейтіп, оларға сапалы білім беру үшін күресте жеңіске жету үшін, оқу телевизия мүмкіндіктерін барынша пайдаланып, жетілдіре бермек.

Әдебиеттер:

- 1 Медиаөнердегі жоғарғы технологиялар, Алматы, «Қазақ Университеті», 2019 ж., 93 б.
- 2 <https://gust.tv/team/team-2018-2019-semester-2/>
- 3 <http://ystv.co.uk/> York Student Television
- 4 <https://www.studenttelevision.com/sponsors.htm>
- 5 Цветкова Н. С. К проблеме формирования речевой концепции корпоративного издания / Н. С. Цветкова // Корпоративные масс-медиа (генезис, функционирование, трансформации): материалы науч.-практ. семинара «Современная печать в контексте коммуникативных процессов (корпоративные массмедиа)» / отв. ред. Б. Я. Мисонжников. – СПб. : СПбГУ, 2020. –173 б.

Қасымжанова Ж.Е., Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, тарих факультеті, ИО-31 тобы, студент
(ғылыми жетекшісі: т.ғ.к., доцент Амрина М. С.)

АЙҚАП ЖУРНАЛЫНДАҒЫ ӘЙЕЛ ҚҰҚЫҒЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Қазір кезеңдегі өзекті мәселелердің бірі гендерлік саясат, әйел құқығы тақырыптары. Сол әйел құқығы, бостандығы мәселесі ХХ ғасырдағы мерзімді баспасөз беттерінде де көтерілген мәселенің бірі. Сол кезеңдерде теңдік мәселесін кеңінен қозғағандардың бірі Айқап журналындағы қазақ жазушылары еді.«Айқап» журналы – қазақтың тұңғыш журналы және ұлттық кәсіпқой журналистикасының бастауы. Осы кезге дейін жарық көрген «Түркістан уәлаятының газеті», «Дала уәлаятының газеті», т.б. барлығы патшалық Ресейдің қол астындағы бұратана халыққа арналған ресми баспасөз болса, «Айқап» журналы – қазақ оқығандарының өз күштерімен, өз қаражатымен өз дүниетанымдарына сай ұйымдастырған алғашқы ұлттық басылымы. 1911-1915 жылдар аралығында шығып, 88 саны жарық көрген «Айқап» журналы ағартушылық-демократтық бағыттағы басылым болды. Өз бетінде уақыт алға тартқан ірі-ірі күрделі проблемаларды көтеріп, олардың оң шешімін табуына ықпал етті. Сондай-ақ, журнал ұлттық бірлікті нығайту, қазақ елін мәдениет биігіне көтеру сияқты маңызды идеяларды алға тартқан ұлт зиялыларын маңына топтастыра білді. Олар патша өкіметінің отаршылдық саясатына, қазақ даласына «қарашекпендерді» қапталуға батыл қарсы шықты. Қазақтың ұлттық ақпараттық күн тәртібін қалыптастыру арқылы баспасөз бетіне қазақ қоғамындағы өзекті мәселелерді тұрақты шығарды. «Айқап» журналы мен «Қазақ» газеті маңына топтасқан қазақ зиялылары мынадай төрт мәселе көтерілгенде пікір таластырып, пікірлері кейде тоғысып, кейде қақтығысып жатты. Олар – жер, яки отырықшылық тұрмысқа көшу, бас қосу (жалпықазақ съезін шақыру), емлені бір ізге түсіру және мүфтилік. Бұл орайдағы талас-тартыстар қоғамдық ойға қозғау салып, ел санасының сергек тартуына әсер етті. «Бостандық, теңдік, оқу-білім, мәдениет» деген мәнді сөздер елдің «жүрегі мен тілінде ойнай бастады». Елдің бір-бірімен пікір алысуына, тұтасуына, бірегейліктің қалыптасуына әсер етті[1,396].Менің түсінігімде, қазақ зиялыларының Айқап журналында әйел теңдігі мәселесін қозғауы әйелді ана, бала тәрбиесіндегі басты тұлға деп санауында. Айқап журналынан: Сақыпжамал Тілеубайқызы, Кұлайым Өтегенова, Мағрипа Қойбағарова, Мариям Сейдалина деген есімдерді оқуға болады, бұл Айқап журналындағы мақала жазуында қазақ әйелдерінің де үлесі болғанын көрсетеді.

Мұғалім Файсәлірахман Жихандаровтың «Қазаққарындастарыма» деген мақаласындаоқудың, жазудың пайдалы екенін. Газет-журналға мақала жазса немесе оқыса бұның дінге қарсы еместігін түсіндіргісі келді. «Құрметті қазақ қарындастарым! Мен сіздердің тұңғыш балаңыз орнында үмітті ең бірінші журналыңызға құтты болсын айтып, бір-екі сөз жазамын. Сіздер Россия қоластында алты миллиондай халықсыз. Сіздерге әлдеқашан өз жайларыңызды жазып тұруға, өзіңізді басқа халыққа танытуға һәм халық арасына пікір, ой таратуға бір журнал керек еді. Оның керектігін оқыған адамдарыңыз, шығаруға талаптанса да түрлі себеппен болған жоқ еді. Мінеки, Серәлин Жәнапләрі өзінің үміті һәм халқына болған махаббаты арқасында бұл «Айқапты» шығарды. Енді мұны алға жіберу һәм оның пайдасын көру сіздердің мойныңызға борыш. Сіздер жаңа ғана оянып келе жатқан халық болғандықтан бәлки журналдың халықүшін қандай пайдасы барлығын жете ойламассыздар. Бірақ дүниеге көз салып қарасаңыз, дүниедегі халықтың барлығын сол газет-журнал арқасындаілгері кеткенін көресіз. Бұл заманда халықтыңғылым, өнер дәрежесі газет һәм кітаптардың көптігі-аздығыменен бай